


АНКВЫНН



ФОТОГРАФТЫҢ КӨБІ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ОҚЫМАЙДЫ



Болат ОМАРӘЛИЕВ, ардагер фототілші:



- Архивіңіздегі өзіңізге ең құнды 3 фотоны атаңызшы?
- Ең құнды деп есептейтін суреттерімді 1975-1985 жылдар аралығында түсірдім. Соның ішінде екі жыл уақытымды жеген «Соғыс жесірлері» деген сериалық суреттерім жаныма

жақын. Ол кезде соғыс жесірлерінің көбі тірі еді. Олардың көл болған көз жасын көргенде мен де фотокамерамды құшақтап, еріксіз жылап жібергенмін. Бірде Мұстафа Шоқайдың ауылына бардым. Сол кезде қалың тоғайдың арасынан өртеніп кеткен бір қара ағашты көзім шалып қалды. Өлгі қара ағашқа қарасам, құдды билеп тұрған қыз сияқты. Соны шырт еткізіп, тарихта қалдырдым. Бір қызығы, сол ағашты басқа фотографтар да объективінің нысанына алды. Алайда суретімде жанды болып шықпағанын өздері мойындады. Маған «Соғыс жесірлері» мен сол сурет ерекше ыстық.

– Кешегі тау тұлғалардан бастап, өткен күндердің куәсіндей бірталай құнды фотоңыз бар. Неге фотокөрменізді өткізбейсіз?

– Тау тұлғаларды суретке тарту үшін өзін жан-жақты білімді болуың керек. Талантты мен талантсызды ажыра алатын өре қажет. Фотографтың көбі көркем әдебиет оқымайды. Ең қиын нәрсе – сол. Құдайға шүкір, архивімде қазақтың марқасқа тұлғаларының фотосы өте көп. Оларды 1965 жылдан бастап кешегі 2014 жылға дейін фотоға түсіріппін. Сол суреттердің басын қосып фотокөрме өткізгім-ақ келеді. Бірақ қолдап отырған кім бар? Түсірген суреттеріңді ел көріп, марқайып жатса, суретшінің бақыты сол емес пе?! – **Сұхбатыңызда «Бір көріністі түсіру үшін екі-үш күнімді арнаған сәттер болды» депсіз. Қай суретіңізді түсіру сізге қатты қиындық тудырды?**

– Бір ауылда соғыста екі баласынан бірдей айырылып, екеуінен де қара қағаз келген, ғасыр жасаған кейуана болды. Сол суретті кемпірдің үйінде екі күн жатып түсірдім. Ол кісі суретке түсуден қашады. Маған қалай да оны фотоға түсіріп алу керек. Амалсыз өтірік алдауыма тура келді. «Балаларыңыз өлген жоқ, олар тірі, осы суретіңізді соларға жіберемін» деп өтірікті соқтым. Сол қылығым үшін әлі күнге дейін ұяламын. Апамды әр екі сағат сайын суретке түсіріп отырдым. Сөйтіп жүріп екі күнім өтіп кетті. Екі күнде 100 кадр түсірген шығармын. Соның тек біреуі ғана өзіме ұнады. Қалғанын түгел өшірдім. Тағы бірде Нұртөре Жүсіптің ауылы Еңбекшіге бардым. Қаратауға шығып, айналаға зер салып тұрғанмын. Үшбұрыш болып тырналар ұшып бара жатыр екен. Құстардың ұшуын талай рет түсіргем, бірақ тырналардың мынадай үшбұрыш жасап ұшқанын бірінші рет көріп тұрмын. Дереву объективімнің нысанына алдым. Күн батып бара жатқан кез болатын, сол сурет сәтті шықпағандай көрінді. Арада отыз жыл өткенде сол суретті негатив күйінше шығарып көргенмін. «Тырнаның түнде ұшуы» деген керемет сурет шығыпты.



– Қазақтың қай тұлғасын фотоға тартуды армандап, сол күйі түсіре алмай қалдыңыз?

– Бұл бір өкінішті сәт болды. 1983 жылы Қызылорда пединститутында Шәмші Қалдаяқов ағамызбен кездесу болады дегенді естідім. Газеттен арнайы тапсырма берілген жоқ. Өз бетімше Шәмші ағаны көруге бардым. Композитормен кездесу кіп-кішкентай 50 адамдық залда өтті. Ол кезде ағамыздың елуді шамалаған кезі. Маған қатты қартайып кеткендей көрінді. Күрк-күрк жөтеліп, мазасы болмады. Сол жүздесуден бір-ақ кадр түсіріппін де, анқиып отыра беріппін. Сол кезде «неге ғана өзімді-өзім қинап, бірнеше кадр жасамадым екен?» деп өкінемін.

– **Әлеуметтік желідегі белсенді фотографтардың бірісіз. «Фотограф-фейсбукер» деген дап-дардай атыңыз бар. Желі сізге не үшін керек?**

– Фейсбукке не үшін кірдім дейсіз бе? Басымнан өткен осындай оқиғаларды кейінгі жастарға айтып отырсам деп кірдім. Бұрын көп оқыдым, білген сайын білгім келе беретін. Бастапқы кезде білгеніммен бөлісу үшін желіні пайдаланатынмын. Сөйтсек, фейсбук деген нағыз білгіштер отыратын жер екен ғой. Сондай сәтте бір танысым: «Бөке, сіз мықты фотографсыз. Саясатта, шежіреде неңіз бар? Одан да фотоларыңызды жүктеп отырмайсыз ба?» деп өзгеше ой салды. Содан бері өзім түсірген фотосуреттерді желіге салып, тарихымен бөлісіп келе жатырмын. Елге қандай сурет ұнайды? Жұрт қалай қабылдайды? Бәрін зерттеп алу керек екен. Әлеуметтік желі сол жағынан пайдалы болды.

– **Асылхан Әбдірайымұлы «Айқынға» берген сұхбатында «...Болат Омарәлиев сияқты аймақта жемісті еңбек еткен азаматтардың мұрасын жинастыру керек» деген оң ұсыныс айтып еді. Фотосуреттеріңізді цифрландыруға қаншалықты мән беріп жүрісіз?**

– Асылхан нағыз азаматтық іс жасап жүр. Қазақстанға белгілі фотожурналистердің еңбегін жинастырып келе жатыр. Ол осы жұмысты қолға алмағанда, фототілшілердің есіл еңбегі далада қалады екен. Дүниеден өтіп кеткен суретшілердің фотоларын жинақтап осымен екі кітап шығарды.

Кезінде Рысқалиев деген (атын ұмыттым) оралдық фотосуретші болды. Ұйғырдың «Коммунизм туы» газетінде қызмет істеді. Сексенге келгенше қолынан фотоаппараты түспеді. Сол кісі Қаныш Сәтбаев, Күләш Байсейітова, Шәкен Айманов, Мұхтар Әуезовтің керемет суреттерін тарихта қалдырды. Сол кісінің фотозертханасы жертөледе болатын. Қайбір жылы жертөлесін су басып, бүкіл архиві суға кетті. Баспасөзге жазып, елден көмек сұрады. Мыңқ еткен адам болмады.

Сайлау Пернебаев деген тамаша фотосуретші болды. Қазақ фотоэтюді, лирикалық суреттерінің негізін қалады. «Қазақ әдебиеті» газетінде фототілші болып жүріп, қазақтың талай танымал ақын-жазушыларын тосыннан түсірді. Сусамыр деген дертке шалдығып, дүние салды. Сакең қайтқаннан кейін, зертханасын тазалап жүрген еден жуушы әйелдер оның бүкіл архивін қоқыс жәшігіне тастай салыпты. Сол күйі табылмады. Қайтыс болып кеткен қаншама фотожурналистердің басындағы жағдай осындай. Асылханның жинап жүргені – дайын фотосурет. Негізінде ол кісілердің түсірген негативін жинаған дұрыс. Ал дайын суреттің сапасы өте нашар болады.



– **Жастау кезіңізде Сайлау Пернебаевқа еліктепсіз.**

– Сайлау ағаны өмірімде бір-ақ рет көрдім. Онда да көшеде кездейсоқ кездестіріп қалдым. Көрген бойда ол кісіге: «Аға, сіз менің ұстазымсыз!» депші. Ол кісі біраз адамға: «Болат – менің шәкіртім» деп мақтанып жүріпті. Оны естіген «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы Қайырбек Асанов Сайлауға: «Болат өмірі Алматыны көрмеген. Сен қалай ұстаз болып жүрсің?» деп кекетіпті.

– **Сайлау Пернебаев «Қазақ әдебиетіне» талай суретіңізді басқан болар?**

– 70-80 жылдары «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне фотоэтюдтерім күнде болмаса да, кұнара шығып тұратын. Ол кезде мынадай қулыққа көштім. Шәмші ағамыздың қандай жаңа әні шықса, соған ұқсастырып фотоэтюд түсіретінмін. Мысалы, «Кешікпей келем деп ең» әніне арнап, ақ қайыңның түбінде сағатына қарап тұрған бозбаланың суретін түсірдім. Фотоэтюдтерім ол кезде жиі жарияланатын.

– **Қазіргі ұстап жүрген фотоаппаратыңыздың құны қанша?**

– Менде қымбат кәсіпқой камера болған жоқ. Менікі жұрттың бәрінде бар ортаңқол фотокамера болатын. 2007-2008 жылдары Қызылорда облысының әкімі болып келген Мұхтар Құл-Мұхаммед мені шақырып, суреттерімді көріп: «Біздің облыста кәсіпқой фотокамера жоқ екен. Сізге қымбат фотокамера алып берейік» деп бір қуантып қойған еді. Екі айдан кейін Мәдениет министрі болып, ауысып кетті. Арада алты ай өткенде үйге Алматының фирмасынан пошта арқылы фотокамера келді. Соны енді-енді қолға алып, үйреніп жүргенмін. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Мадияр Алдоңғаров шақырып жатыр деген хабар келді. Айтуынша, қызметке Байқоңырдан бір орыс фотограф алыпты. Менің аппаратым соған керек екен. «Саған басқасын әпереміз» деп жылы шығарып салды. Сөйтіп, ол фотоаппарымды Алдоңғаров алып қалды. Арада бес жыл өткенде облысқа Қырымбек Көшербаев келіп, аппаратты қайтарып берді. Оны қолға алып, қалыптасам дегенше зейнетке шықтым. Ол камерамен бір сурет те түсіріп үлгермедім. Барлық шығармашылық жұмысымды арзан камерамен ғана атқардым.

– **Суреттеріңізді сатқан кезіңіз болды ма?**

– Кеніштерді суретке тартып, компаниялардан фотоларым үшін гонорар алған кезім болды. Алайда той-томалақтарда фотоға тартып, ақша тапқан емеспін. Шығармашылық адамы өнерден ақша табуға тырыспау керек деген ұстанымым болды.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Серікбол ХАСАН